

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ҚАРЖЫ  
ҰЙЫМДАРЫН РЕТТЕУ  
МЕН ҚАДАҒАЛАУ АГЕНТТІГІ**

**№216 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ**

**«Темір Ат» СК» АҚ ерікті таратылуына қатысты**

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1270 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) туралы ереженің 14-тармағының 10) тармақшасына, Агенттік Басқармасының 2010 жылғы 23 маусымдағы №86 қаулысына сәйкес «Темір Ат» Сақтандыру Компаниясы» акционерлік қоғамына ерікті таратуды жүргізуге рұқсат берілді.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 4, 5 және 9-тармақтарына сәйкес өз еркімен таратылуға рұқсат алған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бұрын берілген барлық лицензияларды бір апта мерзімде уәкілетті мемлекеттік органға қайтаруға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның ерікті таратылуға рұқсатын алғаннан кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссиясын құрады, оған заңнамада белгіленген тәртіпте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының мүлікі мен істерін басқару бойынша өкілеттік ауысады.

Ерікті таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ерікті таратылу тәртібі Агенттік Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын ерікті тарату ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы №61 қаулысында белгіленген.